

Қазақстан Республикасының Энергетика  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің 2016  
жылғы 7 қарашадағы № 478  
бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2016 жылғы 7  
желтоқсанда № 14489 болып  
тіркелді

Министерство энергетики Республики Казахстан

## Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;



3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы**

**Қ. Бозымбаев**

**Энергетика министрі**

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Қ. Бишімбаев \_\_\_\_\_

2016 жылғы 7 қараша

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 7 қарашадағы  
№ 478 бұйрығымен  
бекітілген

**Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың  
нысаналы көрсеткіштері**

№ р /с	Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштер
1	2020 жылға дейінгі электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясы көлемінің үлесі	3 %
2	2020 жылға дейінгі жаңартылатын энергия көздерін, оның ішінде түрлері бойынша пайдалану объектілерінің жиынтық белгіленген қуаттылығы, оның ішінде:	1700 МВт
1)	Жел электрстанциялары	933 МВт
2)	Күн энергиясының фотоэлектр түрлендіргіштерін пайдаланатын күн электрстанциялары	467 МВт
3)	Гидроэлектр станциялары	290 МВт
4)	Биогаз қондырғылары	10 МВт